

7. Лившиц В.А. О происхождении древнетюркской рунической письменности // Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. -А-А., 1980, С. 3-13.
8. Щербак А.М. О некоторых спорных вопросах реконструкции фонологической системный тюркского языка // Тюркологические исследования. -М., 1976. С. 237-248

ӘОЖ 378.147:811.512.122

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚИТУДАҒЫ ИНТЕРНЕТ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Ыбайдаева Мөлдір Аюпханқызы

Mol20099@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А. Бейсенбай

Білім беру саласында оқытудың түрлі қырлары зерттеліп, жаңаша бағытта қарыштап дамып келеді. Мемлекеттік тілдің мәртебесі, латын қаріпіне негізделген қазақ әліпбиінің мәселесі, оқыту процесін ақпараттандырудың артықшылықтары мен мүмкіндіктері – бүгінгі күн тәртібінде тұрған өзекті тақырыптар. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесін ақпараттандыру мемлекеттік білім саясатының негізгі қағидаларын жүзеге асырудың маңызды бір механизмі екендігі айтылды [1]. Білім беру жүйесінде пәнді оқыту әдістемесінің сапалылығы елеулі қызмет атқарады. Сол себепті қазақ тілін оқытудың әдістемесін, тілді тиімді тәсілдермен үйрету жағдайын зерттеу, оқыту барысындағы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатындағы әдістерді анықтау өзекті мәселе. Әдіснама саласында қазақ тілін оқытудағы интернет ресурстарын қолданудың әдістері мен тәсілдері әлі де зерттеуді қажет етеді. Сонымен қатар оқытуды қашықтан ұйымдастыру жүйесінде де бұл мәселе маңызға ие. Себебі қашықтан білім беру барысындағы оқытудың негізгі құралдары, ресурстары интернет кеңістігімен тығыз байланысты.

Негізінен, қазақ тілін оқыту әдістемесіне үлес қосқан ғалымдарға тоқталар болсақ, қазақ зерттеуші-ғалымдарының басында – Ахмет Байтұрсынұлы тұрады. Ғалымның «Оқу құралы», «Тіл-құрал», «Сауат ашқыш» атты оқулықтары, сонымен қатар «Әліппе астары», «Қай әдіс жақсы», «Нұсқаушы», «Баяншы» секілді еңбектері оқыту әдістемесі саласына қосқан елеулі туындылары деп айтуға болады. Ғалым оқыту мәселесі жөнінде: «Үйрену һәм үйрету ең басында қиын. Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып мұқалмайды, оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады», – деп оқытудың әуел баста қиын екендігін, оқушының қабылдау психологиясын ашып көрсетеді [2, 323].

Сондай-ақ қазақ тілін оқыту әдістемесіне зерттеу еңбектер жазып қалдырған зерттеушілер қатарына Ж. Аймауытовтың «Тәрбиеге жетекші», М. Дулатовтың «Кім оқытады?» («Еңбекші қазақ» г., 1923), М. Жұмабаевтың «Сауатты бол», Т. Шонанұлының «Учебник казахского языка для взрослых» (Қызылорда, 1936) атты еңбектерінің маңызы зор. Оқыту процесі мәселесіне өз пікірлерін қалдырған ғалымдарға М. Балақаев «Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту», Д. Әлімжанов, Ы. Маманов «Қазақ тілін оқыту методикасы», У. Исабаев «Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері», А. Әбілқасымов «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», С. Жиенбаев «Қазақ тілі методикасы» атты еңбектерін және қазір де мақалалар жазып, өз үлестерін қосып жүрген зерттеушілер Ф. Оразбаева, А. Фазылжанова, Б. Құлмағамбетова, Қ. Қадашева, Қ. Күдерина, З. Ерназароваларды жатқызуға болады. Ғалымдардың еңбектерінде

сөз болып жүрген мәселелердің қатарына – тілді оқытуда компьютерлік технологияларды қолданудың әдістемесін жатқызуға болады. Жалпы білім беру процесінде электронды оқу құралдарын, компьютерлік технологияны пайдаланудың ақпараттық мүмкіндігі және әдіснамалық негізі әлі де біріздене қойған жоқ. Дегенмен де, жалпы білім беру жүйесінде жаңаша оқыту әдістері талданып жүрген зерттеушілердің еңбектері де бар. Әдіскер-ғалымдардың еңбектеріндегі алға шыққан мәселе – білім беруді ақпараттандыру және электронды оқулықтар, интернет ресурстарды қолдана отыра тың әдістермен оқытуды ұйымдастыру. Оқыту процесінде ақпараттық құралдарды, компьютердің сан қилы мүмкіндіктерін, интернет ресурстарын қолдану – оқушының кеңінен қамтылған және үздіксіз білім алуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ компьютерлік технологияларды оқыту процесінде пайдалану – оқушының интеллектуалдық белсенділігін дамытуына, сандық сауаттылығын арттыруына жағдай жасайды. Интернет ресурстарды қазақ тілін оқытуда қолдану арқылы оқушы ізденімпаздыққа, ақпараттарды өз бетінше сұрыптап, таңдау барысында сын тұрғысынан ойлау қабілетін арттыруға үйреніп, өз бетінше білім алуға дағдыланады. Сонымен бірге тілдік жаттығуларды орындау арқылы орфографиялық, стилистикалық қателіктерге жол бермей, жүйелі жұмыс жасауға үйренеді. Осы орайда жаңаша оқыту технологияларын қолдану арқылы оқытудың маңызы жөнінде ғалым Қ. Қадашева: «Жаңаша жаңғыртып оқыту, жоғары белсенділікті дамыту және деңгейлік оқыту әдістемелерін жоғары дәрежеде дамыту оқытудың техникалық және электронды құралдарын жан-жақты пайдаланғанда ғана толық орындалады», – деген пікір білдіреді [3, 148]. Сонымен қатар ғалым оқыту процесіндегі негізгі инновациялық технологияларға:

1. Кейс-технология;
2. WEB технология;
3. Коммуникациялық технология;
4. Ақпараттық технология;
5. Интерактивтік әдіс технологиясы;
6. Мультимедия технологиясы;
7. Телекоммуникация немесе электронды оқыту технологиясын жатқызады [3, 149].

Аталған технологиялар ішінде мультимедиялық технология, интерактивтік әдіс технологиясы, ақпараттық технология дәстүрлі білім беру жүйесінде кеңінен қолданылып жүрген технологиялардың қатарына жатады. Осы инновациялық технологияларымен білім беру арқылы компьютерлік құралдарды пайдалана отыра оқытудың белсенді әдістері қалыптасады. Оқыту барысында қолданылатын әдістер берілген ақпаратты оқушыға үйрету, тәжірибе кезінде оқытуды жеңілдететін белсенді құрал. Оқытушы жаңа ақпарат, жаңа білімді оқыту, түсіндіру үшін түрлі жолдармен, дайындықпен келгенде ғана оқушы ақпаратты қабылдауға қызығады. Бұл орайда оқытудың белсенді әдістерінің орны ерекше. Бұл туралы тіл білімінің, қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаушылардың бірі А. Байтұрсынұлы: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу, шеберліктің болуы – түрлі әдісті болу; керек орнында жоқ әдісті табу да қолынан келу», – дейді [2, 336]. Демек, қазақ тілін үйретуде бір әдіс аясында ғана оқытпай, бірнеше әдісті қолдана отырып оқытуды тәжірибеге енгізген абзал. Яғни, білім беруде түрлі әдістер оқуды ұйымдастыруға, оқушының пәнге деген ынтасын арттыруға және білім сапасын бағалауға әсерін тигізеді. Мәселен, жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша кеңінен қолданылып жүрген сан қилы әдіс-тәсілдерді талдайтын болсақ, интернет ресурстарды қолдану арқылы қазақ тілін оқыту барысында пайдаланылатын *эвристикалық әдіс* – оқытушының нұсқауынсыз оқушының берілген ақпаратты түсінуіне ықпал жасайды. Бұл әдіс арқылы оқытушы проблемалық сұрақ қоя отырып, мәселенің шешімін табуға қадам жасайды.

Интерактивті әдіс арқылы оқытушы жеке және топтық жұмыс жасауға, бірігіп бір шешім қабылдауға, жылдамдыққа үйренуге сондай-ақ оқушының өз-өзін бағалауына мүмкіндік алады.

Компьютердің мол мүмкіндігін, интернет ресурстарды қолдану арқылы оқыту – үздіксіз білім берудің негізгі көзі екендігін айттық. Осы орайда келесі *иллюстрациялық әдіс* – жаңа тақырыпты түсіндірудің ең ұтымды әдісі. Себебі иллюстрациялық көрнекі құралдарды пайдалану оқушылардың ақпаратты тез, ұғынықты қабылдауына септігін тигізеді. Дегенмен де, сабақ барысында көрнекі құралдарды тақырыпқа сай мәтіндермен, жаттығулармен ұштастыра қолдану қажет. Бұл жөнінде ғалым Ф. Оразбаева: «Адамға қажет тақырып, сөйлем, тұрақты тіркес, мәтін арқылы ұсынылып, грамматика сол тілдік қатынастың қажетіне қарай сұрыпталғанда ғана нәтиже береді», – деп ой тұжырымдайды [4, 152].

Иллюстрациялық әдістің қолдану ауқымы өте кең. Мәселен, қазіргі таңда бүкіләлемдік пандемия жағдайында барлық білім ордалары қашықтан оқыту жүйесінде білім беріп жатыр. Осы мәселе аясында иллюстрациялық әдісті қолдана отырып оқушының назарына әр түрлі видео, аудио жазбалар, презентация, сурет, кесте, схема, диаграммаларды көрсету арқылы қазақ тілін оқытуға болады. Қашықтан білім беру барысында көрнекі құралдарды қазақ тілін оқытуда демонстрациялау арқылы оқушының тілді меңгеруге ықыласын арттырып, оқытушыға берілген ақпаратты түсінікті етіп оқытуға көмектеседі. Интернет ресурстарын оқушы жиі қолдану арқылы жан-жақты қамтылған ақпаратпен білімін толықтыруды әдеттенсе, оқытушы компьютерлік технологияны қолдана отыра сабақтың танымдық тұрғысынан ауқымын кеңейтіп, жаңаша әдістермен қызықты сабақ жүргізуге дағдыланады. Сонымен қатар бүгінде қашықтан білім беруде on-line байланыста жүргізілетін сабақтарды off-line форматта видеосабақтар түсіру арқылы жүргізу де қалыптасып келе жатыр. Оқытушылардың сандық сауаттылығы мен кәсіби шеберлігінің нәтижесінде жасалған видеосабақтар екі тараптың да уақытын үнемдеп, кез келген уақытта үздіксіз білім алуға қолайлы жағдай жасайды. Осы орайда оқытушыға бірден-бір көмекші құрал ретінде, сан қилы мүмкіндігі бар интернет ресурстарын талдап, ұсынамыз:

1-кесте. Оқыту барысында қолданылатын интернет ресурстарының атауы мен қызметі.

Ресурс атауы	Қызметі
«Lino» https://en.linoit.com/	Виртуалды онлайн ақпаратты бөлісу тақтасы. Заманауи веб-сервис оқушылардың мектепте де, сыныптан тыс уақытта да ұжымдық бірлескен жұмыс жасауына үлкен мүмкіндіктер береді.
«Classroom» http://classroom.google.com	Фотосуреттер мен видеоларды жүктеуге, қаралған видеодағы ақпаратты меңгерту үшін тест жасауға мүмкіндік беретін, кез-келген тақырыпта өзіндік онлайн курсың құруға арналған платформа.
«Photopeach» https://photopeach.com/	Бұл құралдың көмегімен фотосуреттерді жүктеуге және мәтінді шығару арқылы музыкалық фотосуреттер (слайд-шоу) жасауға болады. Жасалған слайд-шоуды электронды пошта арқылы оңай жіберуге болады, сонымен қатар басқа презентацияға немесе блогқа енгізуге болады.
«Learningapps» https://learningapps.org/	Бағдарламаға фотосуреттер мен видеожазбаларды жүктеу арқылы оқушылар кез-келген қызықты тақырыпқа өз тапсырмаларын, ойындарын немесе тесттерін жасай алатын қосымша.
«Edpuzzle» https://edpuzzle.com/	Дыбыстық сүйемелдеуді өзгерту арқылы видеожазбамен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін ресурс. Бұл қосымшаның көмегімен оқушыларға арналған тесттермен, түсініктемелермен

	интерактивті оқу бейнесін жасауға болады.
«Adventr» http://www.adventr.tv/	Интерактивті оқу ролигі мен бейне квест жасауға мүмкіндік беретін сервис.
«Ispring» https://www.ispring.ru/ispring-suite	Видео курстарды, оқытуда қолданылатын бейнелерді құруға арналған бағдарлама PowerPoint-ті қолданудың баламасы.
«Thinglink» https://www.thinglink.com/	Әр түрлі тақырыптар бойынша интерактивті плакаттар жасау қызметі.
«Tourbuilder» https://tourbuilder.withgoogle.com/	Виртуалды турларды, виртуалды экскурсия құруға арналған ресурс, оқушының назарын сабақтың белгілі бір нүктелеріне аударуға және оны жарқын және есте қаларлықтай өткізуге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, кестеде көріп отырғанымыздай, оқытушының оқыту процесін қызықты, танымды, есте қаларлықтай етіп өткізуіне мол мүмкіндік беретін қосымшалар өте көп. Оқушының назарын, ынтасын оятатын жаңа әдістерді, интернет пен компьютердің шеңберін пайдалана отырып оқыту – бүгінде дамып келе жатқан процесс. Оқушының мотивациясын жігерлендіріп, нәтижеге жетуге ынталандыратын әдістерді қолдану оқытушының шеберлігімен тығыз байланысты. Аталған интернет ресурстарын оқытуда пайдалану жас ұрпақтың сандық сауаты, ақпаратты қабылдауда сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытуына мол мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Білім беру туралы Заңы.
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
3. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: “Мұрагер” баспа үйі, 2005. – 176 б.
4. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас негіздері: оқулық, – Алматы: Print-S, 2005. – 145 б.

6.3 Русский язык и межкультурная коммуникация

УДК 378.1

ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО ПОЛИЛИНГВАЛЬНОГО ВУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Абдрахманова Зухра Бахытжановна

abdrakhmanova_zu@mail.ru

Докторант кафедры русской филологии Таразского регионального университета им. М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан
Научный руководитель – Ш. Майгельдиева

Начало XX века, как известно, характеризуется глобализацией экономической жизни мирового сообщества и формированием единой системы информационных технологий, связывающей мир и углубляющей интеграционный процесс. Иностранные языки - главный